

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ЗАҢДЫ ТҰЛҒА МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДЕН
2018 ж. «19» 04 өткізілді
№ 115784-1910-1111 куәлік
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ РЕГИСТРАЦИЯ
ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА
«19» 04 2018 г.
свидетельство № 115784-1910-79
БСНБИН 180440022514

БЕКІТІЛГЕН
Құрылтайшының
шешімімен
«05» сәуір 2018 ж.

УТВЕРЖДЕН
Решением
Учредителя
«05» апрель 2018 г.

**«имени ГЕННАДИЯ ПУШКАРЕВА»
ЖЕКЕШЕ ҚОР
ЖАРҒЫСЫ
УСТАВ
ЧАСТНОГО ФОНДА
«имени ГЕННАДИЯ ПУШКАРЕВА»**

Алматы 2018 г

1 БАП. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕ

- 1.1. Аталған Жарғы ұйымдастырушылық-құқықтық сипатта құрылған Қордың коммерциялық емес ұйымында мүшелігі жоқ заңды тұлғаның қызметін реттейді. Түрі - Жеке қор.
- 1.2. «имени Геннадия Пушкирева» Жеке Қорының Құрылтайшысы Қазақстан Республикасының азаматшасы – Исаева Зияхан Мухаметжановна, ЖСН 720725400966, жеке куәлік № 032476251, 01.12.2011 ж. ҚР ПМ берілген, тұрғылықты мекен-жайы: Алматы қаласы Достық ықшам ауданы, Свердлова көшесі, 82 үй.
- 1.3. Қор құрылтайшысының шешімі бойынша Қазақстан Республикасы Конституциясы, Азаматтық кодекс және Қазақстан Республикасының «Коммерциялық ұйымдар туралы» 16.01.2001ж. № 142-ІІІ Заңына сәйкес әлеуметтік, ғылыми, ағартушылық, қайырымдылық, басқарушылық, кеңес беру, және тағы басқа мақсаттарды жүзеге асыруға негізделген.
- 1.4. Жеке Қордың қазақ тілінде атауы бар: «имени Геннадия Пушкирева» Жеке қоры; орыс тілінде: Частный Фонд «имени Геннадия Пушкирева», одан әрі мәтін бойынша “Қор” болып аталады.
- 1.5. Қордың орналасқан жері және мекен-жайы: Алматы қаласы, Ауэзов ауданы, Достық ықшам ауданы, Свердлова көшесі, 82 үй.
- 1.6. Қордың жұмыс істеу мерзімі шектеусіз.
- 1.7. Қор иелігінде оқшауланған меншігі, сондай-ақ жекелеген балансы мен банктік есеп-шоты, мемлекеттік және орыс тілдерінде толық атауы көрсетілген мөрі, мөртаңбасы мен бланктары, сондай-ақ эмблемасы (символикасы), басқа да реквизиттері бар, осы қызметке байланысты өзіне қабылдаған міндеттерді орындап, құқықтарын қолданатын, өз атынан келісім-шарттар жасап, меншіктік және жеке меншіктік емес құқықтар бойынша сатып алуларды, сотта талапкер және жауапкер болуға, басқа да Қазақстан Республикасының заңдылықтарына қайшы келмейтін заңдылықтарды жүзеге асыра алатын Заңды тұлға болып табылады.
- 1.8. Қорға Құрылтайшылары берген Меншік, Қордың жекеменшігі болып табылады.
- 1.9. Қордың қауымдастықтар мен одақтар құрамына кіріп, қызметтеріне араласуына құқы бар. Сондай-ақ ерікті бастамамен одаққа, қауымдастыққа бірігіп, қызметтеріне қатысуға, және халықаралық, қоғамдық басқа да ұйымдармен ықтымақтасуға құқылы.
- 1.10. Қор өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық меншікке жауап береді. Құрылтайшылардың жеке қарыздарын жауапкершілігіне алмайды. Қор Қазақстан Республикасының заңдылықтарын қадағалайды. Белгіленген ереже бойынша салықтар мен барлық міндетті төлемдерді бюджетке төлейді. Және Қазақстан Республикасы заңдылықтарына сәйкес жауапкершілік алады.
- 1.11. Қор басқа ұйымдарға құрылтайшы ретінде енуге, басқа да заңды тұлғаларды жасауға, Қазақстан Республикасы аумағында және оған тыс жерлерде филиалдар ашуға құқылы.

2. БАП. ҚОРДЫҢ МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ ҚЫЗЫМЕТТЕРІ

2.4. ҚОРДЫҢ МАҚСАТТАРЫ

Қордың мақсаттары:

- Демеушілік қызмет;
- Есту қабілеті бұзылған балалар мен ересек адамдарға шахмат мектептерін дамыту;
- Қазақстан Республикасы көлемінде және шетелдерде балалардың медициналық тексеруден өтуіне, мамандардан кеңес алуына, диагностика, компьютерлік томография жасатуларына, құлақ қуысын қайта жаңғырту, бңп емдеу, жаңғырту оталары, отопластика, хирургиялық емдеу, естүпротездеу, науқасты оңалту түрлі дәрежедегі әлеуметтік, материалдық көмек көрсету.
- Түрлі формада сипат алған сыртқы есту жолдарының аномалиясы, оның пайда болу қаупі және оны тудыратын факторлар, белгілер, аурудың болжамдары, есту қабілетін жойып, төмендететін жағдайлар туралы ақпарат тарату;
- баспагерлік қызмет;
- біліктілікті арттырып, диагностика сапасын және құлақ қуысы, құлақтың басқа да сыртқы

құрылымы, түрлі деңгейдегі орташа және ішкі құлақ патологияларын емдеуде ЛОР дәрігерлердің тұрғындарға қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында шетелдік, мемлекеттік, қоғамдық жеке мекеме-ұйымдар және жекелеген азаматтармен байланыстарды дамыту.

- Түрлі халықаралық қайырымдылық ұйымдары арқылы қаржы көздерін тарту, және оларды түрлі деңгейдегі мұқтаж азаматтарға медициналық, әлеуметтік көмек көрсетуге бөлу. Сондай-ақ:

- Отоларингология бағытындағы ғылыми-зерттеу басымдылықтарын анықтау;
- ЛОР ауруларын емдеу және диагностика жасауда жаңа технологияларды енгізу үшін жетекші отандық және шетелдік клиникалық орталықтарымен серіктестік қарым-қатынас орнату, және құлақ қуысы, құлақтың басқа да сыртқы құрылымы, түрлі деңгейдегі орташа және ішкі құлақ патологияларын емдеуде тұрғындарға қызмет көрсету сапасын арттыру;
- Қордың бағдарламалары мен жолбаларын қаржыландыру үшін отандық және шетелдік инвесторларды тарту;
- Ғылыми-зерттеу жұмыстары мен баспагерлік қызметті жүзеге асыру, ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен семинарлар, шеберлік-сыныптарын өткізу және дайындау;
- Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау мекемелерінде ЛОР ауруларын (барлық деңгейін) емдеу және алдын-алу бойынша ақпараттық-әдістемелік материалдар шығарып, тарату;
- ЛОР дәрігерлердің дипломнан кейінгі медициналық білімдерін жетілдіру кезеңдерінен үзіліссіз өтуіне қаржыландыру арқылы ықпал ету, олардың Қазақстан аумағында және шетелдерде өтетін шеберлік-сыныптарына, конференцияларға қатысуларына мүмкіндік жасау;

2.2. ҚОРДЫҢ ҚЫЗЫМЕТТЕРІ

Көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін Қор келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

2.2.1. микротия, атрезия, бңп сырқаты бар ересектер мен балалар және мұқтаж жандарға медициналық көмек ұйымдастыру;

2.2.2. Қор қызметінің негізгі жұмыс бағытына сәйкес тапсырмаларды орындау үшін материалдық қаржылар тарту;

2.2.3. мәдени, әлеуметтік шаралар өткізу үшін, оның ішінде:

- Жас ұрпақтың арасында зияткерлік деңгейді арттыру. Гроссмейстер деңгейіне дейін шахматшылар біліктіліктерін арттыру;
- Ойын деңгейіне баға беру, оқу әдебиетін жеке тандау, жарыстарға қатысу бойынша кеңес беру
- Жаттықтырушының дәрістері (дебюттер теориясы, миттельшпильді, эндшпильді, тактиканы және шахматтағы стратегияны үйрену)
- Тәжірибелік сабақтар: кіші - жарыстар, машықтану партиялары, қатар ойнау сеанстарына қатысу
- Ұлттық мерекелер кезінде ұлттық-мәдени шараларды ұйымдастырып, өткізу;
- Қоғам назарын микротия сырқатына шалдыққан, және басқа да көмекке зәру жандарға аударту үшін семинар-конференциялар, лекциялар, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру;
- Мәдени- сауықтыру, спорттық-көпшілік шараларды ұйымдастырып, өткізу;
- конференция, симпозиум, цикл, шеберлік-сыныбы, семинарлар мен клубтар ұйымдастырып, ЛОР мамандармен кездесулер өткізу;
- отоларингология саласындағы ғылыми-зерттеу нәтижелерін сараптау, түйіндеу және насихаттау;
- тәжірибелік денсаулық сақтау саласына жаңа медициналық техникаларды жасақтауға, жаңа дәрілік препараттарды енгізуге ықпал ету;
- отоларингология (микротия) туралы ақпараттарды тарату, арнайы оқулық шығару (журналдар), конференция, симпозиумдар материалдарын, ғылыми-әдістемелік басылымдарды шығаруға ықпал ету, Қазақстандық ЛОР мамандарды отандық және шетелдік жетістіктер туралы ақпаратпен қамтамасыз ету;
- байқаулар ұйымдастырып, өткізу, сыйақы беру, отоларингология саласындағы үздік еңбектер авторлары мен белсенділерді марапаттаудың басқа да формаларын қолдану;
- халықтың денсаулығын нығайтуға бағытталған қоғамдық акцияларды орындауда өзара әрекеттерді ұйымдастыру және үйлестіру;

- халықтың денсаулығын нығайтуға бағытталған республикалық, аймақтық және жергілікті бағдарламаларды жүзеге асыруға атсалысу, және оларды жасақтап, жүзеге асыру;
 - Қорды қолдау мен дамытуға және Жарғы мақсаттары мен тапсырмаларын жүзеге асыруға инвестициялар тарту;
 - отоларингология саласында халықаралық серіктестікті дамытып, жақсартуға ықпал ету;
 - Қоғам мен мемлекет назарын отоларингология саласындағы шешілмеген проблемаларға аударту, **ЛОР** мамандардың қызметтерін насихаттау, Қор мақсаттары мен тапсырмаларын жүзеге асыруға айтарлықтай үлес қосып жүрген **ЛОР** дәрігерлерді арнайы мақтау қағаздары мен сыйақылар беру арқылы марапаттау;
 - Қазақстан Республикасында филиалдар мен өкілдіктер, бөлімшелер құру;
 - Қолданыстағы заңнамаға сәйкес мамандандырылған көрмелер мен аукциондар ұйымдастыру;
 - Қор мүшелерін, отандық мамандарды ел ішіне және шетелдерге іссапарға жіберу, және Қор қызметіне байланысты мәселелерді шешу үшін отандық және шетелдік мамандарды қабылдау;
 - Қор жарғысы мақсаттарын жүзеге асыру үшін мемлекеттік, үкіметтік, және әкімшілік органдар мен мекемелермен серіктестік орнату;
 - Қолданыстағы заңнамаға сәйкес келісім-шарттар бойынша мемлекеттік органдар үшін белгіленген жұмыстар атқару;
 - Ұсыныстар енгізіп, проблемалық мәселелерді ресми органдармен шешу, қолданыстағы заңнамаға оң өзгерістер енгізуге бастама көтеру;
 - Қолданыстағы Қазақстан Республикасы заңнамаларында тыйым салынбаған басқа да қызмет түрлерін көрсету.
- 2.3. Қор жарғылық мақсаттарына сәйкес кәсіпкерлік қызметпен айналыса алады.
- 2.4. Заң шеңберінде Қор құзырлы органдардан лицензияланатын қызмет түріне лицензия алуға міндетті.
- 2.5. Қордың кәсіпкерлік қызметінен түскен табыстар бөлінбейді, олар жарғылық мақсатқа бағытталады. Қор өз қаражаттарын қайырымдылық мақсатында пайдалана алады.

3 БАП. ҚОР ҚҰРЫЛТАЙШЫСЫ

- 3.1. Қор құрылтайшысы Қордың жарғылық мақсаттарын мойындайтын, және Қор қызметін дамытуға нақты үлес қоса алатын Қазақстан Республикасының азаматшасы бола алады.
- 3.2. Құрылтайшылар құрамының өзгеруі құрылтайшылық келісім-шарт жасақтауға міндеттейді;
- 3.3. Құрылтайшы Қордың міндеттемелеріне жауап бермейді, өз кезегінде Қор да өз құрылтайшыларының міндеттемелеріне жауап бермейді.
- 3.4. Қор құрылтайшысының құқы бар:
- 3.4.1. Жарғыда көрсетілген ереже бойынша Қор істерін басқаруға қатысуға;
- 3.4.2. Қор қызметінің қызметі жөнінде ақпарат алуға, кез-келген құжаттамасымен танысуға;
- 3.4.3. Жарғылық ережеге сай Құрылтайшылар қатарынан шығуға.
- 3.5. Қор құрылтайшылары міндетті:
- 3.5.1. негізгі Жарғының ережелерін сақтауға;
- 3.5.2. Жарғыда көрсетілген ереже бойынша уақтылы, мөлшерімен, әдістерімен төлемдер жасау;
- 3.5.3. Қор коммерциялық құпиясы ретінде хабарлаған мәліметтерді таратпау.

4 БАП МҮЛІК ЖӘНЕ ҚОР ҚАРЖЫСЫ

- 4.1. Қор мүлігін баланста тұрған материалдық құндылықтар мен қаржылық ресурстар құрайды. Қор қаржыларды жарғыда көзделген мақсаттарды жүзеге асыруға пайдаланады.
- 4.2. Ақшалай, басқа да формадағы қор дереккөздері болып:
- 4.2.1. Қор қызметінің мақсаттарына сай Құрылтайшысынан түсетін ерікті түрдегі біржолғы немесе жүйелі мүліктік төлемдер;
- 4.2.2. Қор қызметінің мақсаттарына сай мүліктік төлем түріндегі біржолғы, немесе жүйелі

төлемдер мен қайырымдылықтар, сондай-ақ резиденттер мен резидент еместердің гранттар мен төлемдер қаржылық көмектері;

4.2.3. Қор қызметінің мақсаттарына сай тауарларды сатудан, заңдылықпен көрсетілген жағдайларда қызмет түрлерінен түскен (кірістер);

4.2.4. қолданыстағы заңда тыйым салынбаған шаруашылық және кәсіпкерлік қызметтен түскен кірістер, сондай-ақ акциялар, депозиттер, басқа да құнды қағаздар бойынша алынатын дивиденттер (кірістер, сыйақылар)

4.2.5. басқа да Заңмен тыйым салынбаған кірістер.

4.3. Құрылтайшылар төлемдері, Қорға Құрылтайшысы берген мүлік, және басқа да кірістер Қордың жекеменшігі болып саналады.

4.4. Төлемдер және басқа да кірістер есебінен төмендегі қорлар құрылады:

- гуманитарлық және қайырымдылық көмектер;
- даму;
- еңбекақы төлеу;
- өкілдік, резервті және басқа

Мөлшерлер, білім беру тәртібі мен қорлар шығындары Қор органдарының құзырлы Жарғысымен анықталады.

4.5. Қордың Құрылтайшысы Қордың мүлкіне мүліктік құқы жоқ.

4.6. Қордың ақшалай және материалдық кірістері құрылтайшылар арасында бөлінбейді, және Қордың құзырлы органдарының шешімі бойынша көзделген мақсаттарға пайдаланылады.

4.7. Қордың бастапқы мүлкі Құрылтайшының үлесі есебінен қалыптасады. Құрылтайшының ақшадан басқа, шынайы және өзге де қор қалыптасуына қосқан үлесі ақша түрінде есептеледі. Егер мұндай үлес соммасы айлық есептік көрсеткіштен жиырма мың эквиваленттен асатын болса оның бағасы аудиторлық ұйыммен расталуы тиіс.

4.8. Егер мүлікті Құрылтайшы Қордың пайдалануына беретін болса, онда жалға беру құны төлем ретінде есептеледі.

4.9. Құрылтайшы бұрын жасаған төлемдеріне пропорционалды, немесе басқа мөлшерде қосымша төлем енгізу жөнінде шешім қабылдай алады.

4.10. Қордың Құрылтайшысының құқы мұрагерлік құрамға қосыла алады.

4.11. Қор қызметін ұйымдастыру және қамтамасыз ету үшін Құрылтайшы бастапқы, қайтарымсыз қайырымдылық төлемдер жасайды.

4.12. Бастапқы төлем ретінде құрылтайшы ақша, бағалы қағаздар, сондай-ақ зияткерлік, басқа меншіктерін төлей алады.

5 БАП. БАСҚАРУ

Қор істерімен басқару қамтамасыз етіледі:

Жоғарғы орган - Қатысушы;

Жоғарғы басқару орган - Басқарудың алқалық органымен - Президент төрағалық ететін Қорғаншылық Кеңеспен;

Атқарушылық орган - Бас директормен;

Бақылаушы орган - Ревизор.

6 БАП. ҚАТЫСУШЫ

6.1. Қорды басқарудың жоғарғы органы - осы Жарғы және Қазақстан Республикасы заңдылықтары сай әрекет ететін Қатысушы болып табылады

6.2. Қордың жоғарғы органының шешімі жазбаша түрде қабылданады. Қор қатысушысының шешімді жою жөніндегі ұйғарымы тек Қор қатысушысының өзінің кезекті шешімді қабылдау түрінде жүзеге асырылады.

6.3. Қатысушы қарауына жататын сұрақтар тек Қорғаншылық кеңесі арқылы түседі.

6.4. Қатысушы Қордың жұмысына өзі немесе нотариалды куәландырылған өкілі арқылы қатыса алады.

6.5 Қатысушының айрықша құзырына жатады:

6.5.1. Қор Жарғысына өзгерістер, қосымшалар қабылдау;

- 6.5.2 Қордың негізгі бағыттарын айқындау;
- 6.5.3. Құрылтайшылар құрамына өзгерістер енгізу;
- 6.5.4. құзыреттіліктер анықтау, Қорғаншылық Кеңес, Қордың атқарушылық органдарын қалыптастыру, олардың жетекшілерін сайлау және түсіру;
- 6.5.5. жылдық есеп пен бухгалтерлік балансты бекіту, және таза кіріс пен шығынды бөлу, сондай-ақ атқарушылық органдардың қаржылық есептер беруінің жүйелігін, Ревизорлар жүргізетін тексерулер тәртібін анықтау, және олардың нәтижелерін бекіту;
- 6.5.6. Қордың Ревизорын сайлау;
- 6.5.7. ұйымдастырушылық құрылымдардың құзыреттіліктерін анықтау, Қорды басқару органдарының құзыреттіліктерін жою және қалыптастыру, Қордың органдарының жұмыс процедурасын бекіту;
- 6.5.8. Қорды ерікті түрде қайта ұйымдастыру және жою, сондай-ақ Қордың басқа да заңды тұлғаларды, өз филиалдары мен өкілдерін құруға қатысуына шешім қабылдау;
- 6.5.9. Қордың басқа да заңды тұлғалар қызметін құруға қатысуына шешім қабылдау.
- 6.6. Қатысушы Қор қызметінің барлық сұрақтары бойынша шешім қабылдауға құқылы.

7 БАП. ҚОРҒАНШЫЛЫҚ КЕҢЕС

- 7.1. Қор қызметін үнемі тұрақты жұмыс істейтін Жоғарғы басқару орган - Алқалық орган - Қорғаншылық кеңес басқарады. Ол Қордың жарғылық қызметінің, сонымен қатар іс өндірісінің дұрыс, әрі адал жүргізілуін жауапкершілігіне алады. Қорғаншылық Кеңесі мүшелерінің санын Қатысушы анықтайды.
- 7.2. Қорғаншылық кеңесін басқаруды тікелей оның Президенті жүзеге асырады.
- 7.3. Қорғаншылық кеңесінің мүшелері болып Қордың Құрылтайшылары, және басқа да тұлғалар сайлана алады. Қорғаншылық Кеңесі мүшелерінің басым бөлігі Қор қызметкерлерімен некеге отырған, немесе жақын туыстары бола алмайды.
- 7.4. Қорғаншылық кеңесті қалыптастыру, Қорғаншылық кеңесі мүшелерін бекітуді Қор Қатысушысы жүргізеді.
- 7.5. Қорғаншылық Кеңес тоқсанына 1 рет жиналады. Қорғаншылық Кеңесінің өкілеттік мерзімі - 5 жыл. Қорғаншылық Кеңесінің отырысы мүшелерінің тең жартысына жуығы қатысса ғана өтті деп есептеледі. Қорғаншылық Кеңес отырысында хаттамалар жүргізіледі. Оған жиынға қатысқан мүшелер қол қояды.
- 7.6. Қорғаншылық Кеңесі отырысында қаралуда тиіс мәселелерді Қатысушы, Қорғаншылық Кеңес мүшелері, Қордың бас директоры енгізуге құқылы.
- 7.7. Қорғаншылық Кеңесі отырысының шешімі Қорғаншылық Кеңесі мүшелерінің басым көпшілігінің дауыс беруімен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Президент дауысы шешуші роль атқарады.
- 7.8. Қорғаншылық Кеңесі шығындарды, жыл сайын Қатысушы бекітетін Қор бюджеті шенберінде жүзеге асырады.
- 7.9. Қорғаншылық кеңесінің құзіретіне жатады:
 - 7.9.1. Қордың мақсаттарын жүзеге асыруға шешімдер қабылдау, Қатысушы мен Ревизор шешімдерін орындау;
 - 7.9.2. Қор қызметінің Жарғылық мақсаттарына сай қызмет етуіне бақылау жасау, сондай-ақ Қор Жарғысымен бекітілген басқа да құзіреттіліктер;
 - 7.9.3. Қордың Бас директорын тағайындау;
 - 7.9.4. Қор мүлкін басқару және оның Жарғы мен заңдылықтар талаптарына сай капиталын жарату;
 - 7.9.5. Қорғаншылық Кеңесіне жататын құқықтарды оның құрған комитеттеріне делегациялау, сондай-ақ тұлғалар мен ұйымдарға;
 - 7.9.6. Қордың Қатысушы, Ревизор, және Бас директорының айрықша құзіретіне кіретін мәселелерден басқа сұрақтарын шешу.
- 7.10. Қорғаншылық Кеңес Қорға қатысты Заңнамамен, Жарғымен және Қатысушы, Ревизормен бекітілген барлық талаптарды орындауға міндетті.

8. БАП. ҚОРҒАНШЫЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ПРЕЗИДЕНТІ

8.1 Қорғаншылық Кеңесін тікелей Қатысушының ұсынылымы бойынша Қорғаншылық кеңес мүшелерінің арасынан сайланған Президент басқарады.

Қорғаншылық Кеңесінің қызметін басқарып, оның жұмысын ұйымдастырады.

8.2. Қорғаншылық Кеңесінің Президенті жоспар құрып, Қорғаншылық кеңесінің қарауына мәселелер енгізеді, және оның орындалуына бақылау жасайды.

8.3. Қорғаншылық Кеңесінің Президенті үш ай бұрын Қорғаншылық кеңесіне хабарлама жасап, жазбаша өтініш жазып, өз міндеттерін орындаудан бас тарта алады.

9. БАП. ҚОРДЫҢ БАС ДИРЕКТОРЫ

9.1. Қордың ағымдағы қызметін Қорғаншылық Кеңесі тағайындаған Қордың Бас директоры қамтамасыз етеді.

Бас директордың өкілеттілік мерзімі Қорғаншылық Кеңесінің шешімімен белгіленбесе, ол мерзімі анықталмаған уақытқа бекітілген болып есептеледі.

Бас директор Қордың тұрақты қызмет ететін алқалы органының және басқарудың жоғарғы органының шешімдерін орындау негізінде әрекет етеді. Және оған есеп береді. Бас директор тоқсанына кем дегенде 1 рет өз қызметінің нәтижелері жөнінде Қорғаншылық Кеңесіне есеп береді.

Бас директор Жарғы және басқа да Қазақстан Республикасы заңдылықтарын бұзатын шешім қабылдап, Қорға шығын келтірсе оны өтеуге міндетті.

9.2. Бас директор Қатысушы мен Қорғаншылық Кеңесінің және Ревизордың айрықша күзіреттілігіне кірмейтін Қор қызметінің барлық мәселелерін шешеді.

9.3. Бас директор Жарғы, Қорды басқару органының негізінде Қор атынан мәмілелер жасай алады.

Бас директор Қор атынан сотта, мемлекеттік органдар мен мекемелерде сенімхатсыз сөйлей алады.

Бас директор Қор мақсаттарына сай өзіне берілген күзіреттілік шеңберінде Қор атынан барлық әрекеттерді жүзеге асыруға, жекелеп айтқанда Қордың мүлкін басқаруға, келісім-шарттар жасауға оның ішінде еңбек келісім-шарттары, сенімхаттар беруге, банктерде валюталық, тағы да басқа түрлі есеп-шоттар ашуға, күзіреттілігі аясында орындауға міндегі бұйрықтар шығаруға, Қордың лауазымды тұлғаларын тағайындап, қызметтерінен босатуға, басқа да Жарғыға сай әрекеттерді орындай алады.

9.4. Қордың Бас директоры Қатысушыға хабарлап, жазбаша түрде үш ай бұрын арыз жазып, кез келген уақытта өз міндеттерінен бас тарта алады.

10. БАП. РЕВИЗОР

10.1. Ревизор Қордың қаржылық және шаруашылық қызметіне ағымдағы және келешек бақылау жасай алады.

10.2. Ревизор Қатысушымен 1 жылға тағайындалады. Ревизор Қорғаншылық кеңесінің мүшесі бола алмайды. Қорғаншылық Кеңесінің мүшелері қызметінен босатылғаннан кейін 2 жыл ішінде Ревизор қызметіне тағайындалмайды. Қатысушының рұқсатымен Ревизор өз жұмысына сарапшылар мен аудиторлық ұйымдарды тарта алады. Ревизор бірнеше рет кезекті мерзімге сайлана алады.

10.3. Ревизор жыл сайын жоспарлы ревизия жүргізіп, Қатысушы алдында есеп береді.

Қатысушының шешімімен жоспардан тыс ревизиялар мен тексерулер жүргізілуі мүмкін.

10.4. Ревизор Қордың барлық мүлкіне ревизия жүргізіп, Қордың шығындарына пара-пар жыл ішінде жасалған жұмыстарға да тексеріс жасай алады. Қорғаншылық Кеңес Ревизор жұмысына оң ықпал етуі қажет.

10.5. Ревизордың қарауына алдын-ала келер жылға жасақталған жұмыс жоспары ұсынылады. Оны Қорғаншылық Кеңес Ревизор ұйғарымымен қатысушының қарауына береді.

10.6. Ревизор, қажеттілігіне қарай барлық үкімдерге нақты хаттамалар толтыруға құқылы. Ревизордың хаттамалары мен баяндамаларын және ұйғарымдарын оның

түсімдемелерімен Қорғаншышық кеңес Қатысушының қарауына береді.

10.7. Ревизор Қорғаншылық Кеңесінің отырыстарына бақылаушы ретінде қатыса алады.

11 БАП. ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАР ҚАТАРЫНА ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ШЫҒАРУ

11.1. Қордың Құрылтайшылар құрамына кіру берілген өтініш негізінде жүргізіледі.

Қабылдау шешімін Қатысушы жүзеге асырады.

11.2. Құрылтайшының шығуы әр Құрылтайшыға, Қорға шығудан үш ай бұрын жазбаша себебі көрсетілген арыз жазу арқылы жүзеге асырылады.

11.3. Құрылтайшының шығуы туралы шешімді Жоғарғы орган қабылдайды. Шешімді қабылдау күні, шығу күні болып есептеледі.

11.4. Қордың Құрылтайшының шығуы жөнінде жоғарғы орган шешім қабылдағанға дейін бұрын өзіне қабылдаған Қор, оның Құрылтайшысына қатысты міндеттерді орындауы тиіс.

12 БАП. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖЫЛ, ЕСЕПТІЛІК

12.1. Қордың қаржылық жылы күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсанына дейін белгіленеді. Қор, қордың қаржылық қызметін тексеруді жүзеге асыруды міндетіне алады.

12.2. Бухгатгерлік есеп пен есептілік заңдылықта көрсетілген мерзімде жүргізіледі.

12.3. Қор балансынан ескірген, қалыпқа келтіруге жатпайтын, тозған және жарамсыз мүліктер Қатысушы белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

12.4. Қор жыл сайын өз мүлкін пайдалану туралы есепті интернет-ресурстар (немесе), Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді басылымдарға жариялауға міндетті.

13 БАП. ЕҢБЕК ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР

13.1. Қордың сипаты мен қарым-қатынасы үшінші тұлғалармен және еңбек ұжымдарымен, сондай-ақ Қор мен Құрылтайшы арасындағы еңбек қарым-қатынастары мен шаруашылық келісімдер арқылы анықталады.

13.2. Қор еңбек келісім-шартын жасау арқылы жұмысшыларды қабылдауға құқылы. Жұмыс уақыты заңдылыққа сәйкес Қатысушы шешімімен белгіленеді.

13.3. қызметкерлердің әлеуметтік және медициналық сақтандырулары Қазақстан Республикасы заңнамаларында көрсетілген тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

13.4. Қор Жарғыға бекітілген мақсаттар мен тапсырмаларға сай жүзеге асыра алады:

- тікелей халықаралық байланыстар қалыптастыруға, (үкіметтік емес), меншік түріне қарамастан қоғамдық және коммерциялық емес ұйымдармен келісімдер жасауға;

- Егер олардың қызметтері Қазақстан Республикасының халықаралық, мемлекетаралық (үкіметаралық) міндеттеріне қайшы келмесе халықаралық қоғамдық (үкіметтік емес) ұйымдарға кіруге.

14 БАП. ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖОЮ

14.1. Қорды қайта ұйымдастыру (қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) және Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінде және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілеріне сай жүзеге асырылады:

14.1.1. Қатысушы шешімімен;

14.1.2. сот шешімімен.

14.2. Қорды қайта ұйымдастыру, қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, қайта құру заңшылықта көрсетілген басқа да түрінде жүргізіле алады. Қорды қайта ұйымдастыруда оның құқықтары мен міндеттері мұрагерлеріне беріледі, олар жаңадан құрылған заңды тұлғаларды құрылтайшылық құжаттары арқылы анықталады.

14.3. Қорды жою жөнінде шешім қабылдаған Құрылтайшы, жою комиссиясын тағайындайды және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес Қорды жою тәртібімен мерзімін белгілейді. Жою комиссиясы тағайындалған сәттен бастап Қордың мүлкін басқару, істерін жүргізу құзыры беріледі. Және бұл жағдайда жою комиссиясы Қор атынан сотта сөз сөйтейді.

14.4. Жою комиссиясы Қордың жойылуы жөнінде ақпаратты жариялайды, сондай-ақ орталық әділет органының ресми баспа құралдарына оның кредиторларының талаптарын қабылдау тәртібі

мен мерзімі туралы хабарландыру береді. Талаптарды қабылдау мерзімі Қордың жойылуы жөнінде ақпарат жарияланған уақыттан екі ай аспауы тиіс.

14.5. Жою комиссиясы кредиторларды анықтау және берешектерді алу шараларын жүзеге асырады. Сондай-ақ кредиторларды жазбаша түрде Қордың жойылуы туралы хабар етеді.

14.6. Кредиторлардан талаптарын ұсыну мерзімі аяқталғаннан кейін жою комиссиясы жою балансын құрайды, онда Қордың мүлктік құрамы туралы мәліметтер, кредиторлар берген талаптар тізімі, және оларды қарау нәтижелері көрсетіледі.

14.7. Аралық жою балансы Қорды жою жөнінде шешім қабылдаған Құрылтайшымен шешімімен.

14.8. Егер Қордың кредиторлар талаптарын қанағаттандыру үшін қаражаттары жеткілікті Қор көпшілік сауда-саттықтарда сот шешімімен көрсетілген Қордың мүлкін сатуға шығарады.

14.9. Қордың кредиторларына қаржы төлеуді, жою комиссиясы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көрсетілген 51 бапқа сай, аралық жою балансына сәйкес, оның бекітілген күнінен бастап кезек ретімен жүргізеді.

14.10. Кредиторлармен есеп айырысқаннан кейін жою комиссиясы жою балансын құрайды. Ол Қорды жою жөнінде шешім қабылдаған Құрылтайшымен бекітіледі.

14.11. Қорды жою кезінде кредиторлар талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған Жарғыда көрсетілген мақсаттарға жұмсалады.

14.12. егер Қор салықтық немесе басқа да жеңілдіктерді пайдаланып, құрылтайшы төлемдерімен әрекет етсе, өз қызметінен түскен пайдалары, қоғамдық қайырымалдықтар, грандтар немесе үкіметтік емес ұйымдардан алынған, кредиторлармен есеп айырысудан кейін қалған мүліктер кейін тарату туралы қалған мүлік Құрылтайшыға, немесе Қордың жалдамалы басқа да лауазымды тұлғалары арасында бөлінбейді. Ол Қордың жарғылық мақсаттарына пайдаланылады.

14.13. Қорды қайта ұйымдастыру, жаңадан пайда болған ұйымды мемлекеттік тіркеуден өткізген уақыттан бастап, қосылу жағдайынан басқа түрде жасалған қайта ұйымдастыруларды айтпағанда, қайта ұйымдастырылған болып есептеледі. Қорды оған басқа ұйымды қосу түрінде қайта ұйымдастыру кезінде олардың біріншісі Ұлттық реестрге бизнес-сәйкестендіру номерлеріне қосылған ұйым қызметінің жойылуы жөнінде мәлімет енгізілген сәттен бастап қайта ұйымдастырылған болып есептеледі.


14.14. Қорды жою аяқталды деп есептеледі, ал Қор Ұлттық реестрге бизнес-сәйкестендіру номерлеріне өз қызметін тоқтатқандығы жөнінде мәлімет енгізілген сәттен бастап.

15 БАП. ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР

15.1. Барлық ішкі мәселелер Қазақстан Республикасы заңдылықтарына сәйкес шешіледі.

15.2. Жарғыға енгізілетін барлық толықтырулар мен өзгертулер жазбаша түрде жасалып, Құрылтайшымен бекітілуі тиіс.

Құрылтайшы: Исаева З.М.



СТАТЬЯ 1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ И ЮРИДИЧЕСКИЙ СТАТУС

- 1.1. Данный Устав регламентирует деятельность юридического лица - не имеющего членства некоммерческой организации, учрежденной в организационно-правовой форме Фонда. Вид - Частный фонд.
- 1.2. Учредителем Частного Фонда «имени Геннадия Пушкирева» является гражданка Республики Казахстан – Исаева Зивяхан Мухаметжановна, ИИН 720725400966, удостоверение личности № 032476251, выдано 01.12.2011 г. МВД РК, проживающая по адресу: г. Алматы, мкр. Достык, ул. Свердлова, дом 82.
- 1.3. Фонд основан по решению его учредителя для достижения социальных, научных, образовательных, благотворительных, управленческих, консультационных целей, охраны здоровья граждан, а также в других целях, в соответствии с Конституцией Республики Казахстан, Гражданским кодексом и Законом Республики Казахстан «О некоммерческих организациях» от 16.01.2001 г. № 142-III.
- 1.4. Частный Фонд имеет наименование на казахском языке: «имени Геннадия Пушкирева» Жеке жеке қоры; на русском языке: Частный Фонд «имени Геннадия Пушкирева», и далее по тексту именуется «Фонд».
- 1.5. Место нахождения и адрес Фонда: г.Алматы, Ауэзовский район, мкр. Достык, улица Свердлова, дом 82.
- 1.6. Срок деятельности Фонда не ограничен.
